

Г.К. Көкебаева<sup>\*1</sup>

<sup>1</sup>т.е.д., профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Казахстан.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6638-4663>

e-mail: kokebayeva@gmail.com

## МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ МҰРАСЫ – ЕУРОПАДАҒЫ ТҮРКІ ЭМИГРАЦИЯСЫ ТАРИХЫНЫң ДЕРЕГІ

### Аннотатта

Тарихта белгілі тұлғалар өмір сүрген заманың әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени ахуалын зерттеуде эпистолярлық мұраның маңызы зор. Осы мұра арқылы біз әртүрлі заман адамдарының өмір салтымен, жазу нақышымен және мәдениетімен танысамыз. Жеке тұлға хаттарынан олардың психологиялық бейнесі және өзіндік ой елегінен өткен заманың мәні көрінеді. Бүгінгі күні хаттар, сондай-ақ психологиялық құжаттар әлеуметтанушылардың, тарихшылардың және басқа саладағы зерттеушілердің айрықша назарын аударып отыр. Мұстафа Шоқайдың хаттары – Еуропадағы түркі эмиграциясының қоғамдық-саяси өмірін сипаттайтын деректердің айрықша түрі. Эпистолярлық дәстүрдің негізгі арнасына түсे отырып, біз осы мұра негізінде түркі эмиграциясы өкілдерінің өзара қарым-қатынасын бажайлап, олардың белгілі бір қоғамдық-саяси және әлеуметтік қатынастардың дамуындағы рөлін бағалай аламыз. Шоқайдың эпистолярлық мұрасы – түркі халықтары тарихын бейнелейтін деректердің әлі толық зерттелмеген мол қазынасы. Мұстафа Шоқайдың ғылыми еңбектері, саяси жарияланымдары мен хаттары – ұлт тарихы қайнар көздерінің маңызды болігі, сондай-ақ олардың негізінде түркі халықтары тарихындағы «ақ таңдақтар» зерттелетін болады, олар зерттеушілерге Еуропа-дағы түркі эмиграциясының тарихын объективті түрде зерттеуге жәрдемдеседі. Ұсынылып отырган мақаланың мақсаты – Мұстафа Шоқайдың эпистолярлық мұрасындағы түркі эмиграциясы тарихының нарративтерін анықтау және талдау.

**Кілт сөздер:** эпистолярлық мұра, түркі эмиграциясы, зияткерлік элита, хаттар, шығармашылық мұра.

Зерттеу ҚР Ғылым және жогары білім министрлігінің BR18574180-OT-23 «XIX г. аяғы – XX г. бірінші жартастындағы Алаш зияткерлік элитасының тарихы және шығармашылық мұрасы» жобасы аясында жүргізілген.

Г.К.Көкебаева<sup>\*1</sup>

<sup>1</sup>д.и.н., профессор, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6638-4663>

e-mail: [kokebayeva@gmail.com](mailto:kokebayeva@gmail.com)

## ЭПИСТОЛЯРНОЕ НАСЛЕДИЕ МУСТАФЫ ШОКАЯ КАК ИСТОЧНИК ИЗУЧЕНИЯ ИСТОРИИ ТЮРКСКОЙ ЭМИГРАЦИИ В ЕВРОПЕ

### Аннотация

Эпистолярное наследие имеет большое значение для изучения социально-политической, экономической или культурной ситуации той эпохи, в которой жили эти люди. Через них мы знакомимся с образом жизни, стилем или культурой письма людей различных эпох. Здесь видна вся осознанная ими эпоха и их настоящие психологические портреты. В настоящее время письменные послания, а также работы по психологическим документам привлекают большое внимание социологов, историков и представителей других научных направлений. Письма Мустафы Шокая – это особый вид источников, характеризующее общественно-политическую жизнь тюркской эмиграции в Европе. Следуя развитию эпистолярной традиции, нам предоставляется возможность следить за личными отношениями представителей тюркской эмиграции и оценивать их роль в развитии определенных общественно-политических и социальных отношений. Эпистолярное наследие Шокая – это огромный пласт еще неизученных источников по истории тюркских народов. Научные труды, политические публикации и письма Мустафы Шокая являются частью национальной истории, на основе которых будут изучены «белые пятна» в истории тюркских народов, они помогут исследователям объективно

оценить историю тюркской эмиграции в Европе. Цель данной статьи - выявление и анализ нарратива истории тюркской эмиграции в эпистолярном наследии Мустафы Шокая.

**Ключевые слова:** эпистолярное наследие, тюркская эмиграция, интеллектуальная элита, письма, творческое наследие.

*Исследование проведено в рамках проекта Министерства науки и высшего образования РК BR18574180-OT-23 «История и творческое наследие Алашской интеллектуальной элиты конца XIX – первой половины XX вв.».*

G.K. Kokebayeva<sup>\*1</sup>

<sup>1</sup> Dr., Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan,

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6638-4663>

e-mail: [kokebayeva@gmail.com](mailto:kokebayeva@gmail.com)

## MUSTAFA SHOKAY'S EPISTOLARY HERITAGE AS A SOURCE FOR STUDYING THE HISTORY OF TURKIC EMIGRATION IN EUROPE

### *Abstract*

Epistolary heritage is of great importance for studying the socio-political, economic or cultural situation of the era in which these people lived. Through them we get to know the lifestyle, style or writing culture of people of different eras. Here we can see their entire realisation of the era and their real psychological portraits. Nowadays, written messages as well as works on psychological documents have attracted a lot of attention from sociologists, historians and representatives of other scientific fields. Mustafa Shokay's letters are a special type of sources characterising the social and political life of the Turkic emigration in Europe. Following the development of the epistolary tradition, we are given the opportunity to follow the personal relationships of the representatives of the Turkic emigration and assess their role in the development of certain socio-political and social relations. Shokai's epistolary heritage is a huge layer of still unexplored sources on the history of Turkic peoples. Scientific works, political publications and letters of Mustafa Shokay are part of the national history, on the basis of which "white spots" in the history of Turkic peoples will be studied, they will help researchers to objectively assess the history of Turkic emigration in Europe. The purpose of this article is to identify and analyse the narrative of the history of the Turkic emigration in the epistolary heritage of Mustafa Shokay.

**Key words:** epistolary heritage, Turkic emigration, intellectual elite, letters, creative heritage.

*The study was conducted within the framework of the project of the Ministry of Science and Higher Education of RK BR18574180-OT-23 "History and creative heritage of Alash intellectual elite of the end of XIX - first half of XX centuries".*

**Кіріспе.** Жеке тұлғаның хаттары – белгілі бір тарихи заман мен мәдениет аясында өмір сүрген адамдар арасындағы жеке және көғамдық-саяси қарым-қатынастармен байланысты пайда болған айрықша деректер. Эпистолярлық деректер гуманитарлық ғылымдар саласында әртүрлі зерттеушілік міндеттерді орындауга жәрдемдеседі, кейбір міндеттер тек осы деректерді пайдалану негізінде ғана шешілуі мүмкін. 1916 жылы У.И. Томас пен Ф.Знаниецки Батысқа қоныс аударған поляктардың өмірін олардың хаттары негізінде зерттеуді баставы, олардың иммигранттардың хаттарын талдаған іргелі зерттеуі әртүрлі толықтырулармен бес том болып, еткен ғасырда бірнеше рет басылып шықты. Эпистолярлық мұраны зерттеудегі ірі методологиялық құбылыс болған бұл зерттеу күні ғылыми деңгээлде маңызын жогалтқан жок. Поляк мигранттарының 1880-1910 жылдардағы өмір тарихына арналған осы көп томдық енбектің қыскартылған түрі 1996 жылы тағы да жарық көрді [1]. Осыдан кейін мигранттардың хаттары миграция тарихын, мигранттардың өмірі мен әлеуметтік-экономикалық мұдделерін зерттеудің басты дерегіне айналды да, жаңа құрылышқа қоныс аударуған неміс, ирланд және басқа ұлт өкілдерінің жеке өмірі, мәдениеті және әлеуметтік-саяси қызметі кеңінен зерттелуде [2, 3, 4].

Мақалага арқау болған тақырыптың бір аспекті Еуропадағы түркі эмиграциясының тарихына арналған зерттеулер шетел тарихнамасында барышылық. Й. Бенцингтің зерттеуінде кеңестік түркі эмигранттарының Берлиндеңі қызметі, саяси және мәдени басылымдары талданған [5]. П. Мюлен Кенес Одағындағы Шығыс халықтарының ұлт-азаттық қозғалысының тарихын зерттеуде Еуропадағы түркі эмиграциясының қызметіне ерекше назар аударады [6]. Ч.У. Хостлердің зерттеуінде түркі халықтарының тарихы, түркілік идеясының қалыптасуы және оның негізін салушылардың ой-түйіндері талданған [7]. Түркістан тарихын көп зерттеген, соган орай оны айрықша жетін түркі ғалымы Ахат Андижаның монографиясында түркілік идеясын басшылыққа алған шетелдегі түркістандықтардың тәуелсіздік жолындағы құресі зерттеледі [8].

Кеңес өкіметінің идеяларын қабылдаудан саналы түрде бас тартып, шетелге кеткен түркістандық қайраткерлердің эмиграциядағы саяси қызметі, жалпы қеңестік Шығыстың ұлт тәуелсіздігі жолындағы құресінің әлемдік аренага шығуы туралы мәселенің отандық тарих ғылымында зерттелуі тым-ақ кенже-леп қалғаны белгілі. Түркістандық эмигранттардың, соның ішінде аса көрінекті тұлға Мұстафа Шоқайдың Еуропадағы қызметін зерттеудің басталуы Қазақстанның егеменді ел болуымен тұстас келді. 1996 жылы Алматыда Мұстафа Шоқай және шетелдердегі қазақ зиялышарының өмірі мен тағдырын зерттеудің барысын айқындаған келелі басқосу болды. Оған жергілікті ғалымдармен қатар Германиядағы, Монголиядағы, Қытайдағы қазақ диаспорасының өкілдері қатысты. Осыдан кейін Шоқайдың еңбектері жарық көре бастады. Алайда қоғамдағы осы мәселеге жаппай қызығушылық архивтік деректермен жұмыс іstemеген «зерттеушілердің» еңбектерінің пайда болуына әкелді, осылайша Шоқайдың мифтік, көркем әдеби бейнесі жасалып, осы айрықша көрінекті тұлғаның әлемдік деңгейдегі шоқтығы биіктігін көрсететін еңбектер солардың тасасында қалып қойды. Шоқайдың еңбектерін табу мен жариялауда отандық зерттеушілер айтулы жұмыс атқарды, Шоқайдың хаттарын қазақшага аударып, топтастырган бірнеше жинақтар басылып шықты [9, 10].

### **Әдістер мен материалдар.**

Эпистолярлық мұраны талдау пәнаралық зерттеу әдістерін колдануды талап етеді, бұл жеке тұлға хаттарының дерек ретіндегі айрықша сипатына, яғни хаттардың жеке тұлғаның субъективтік көзқарасын бейнелейтіндігіне байланысты. Мақалада эпистолярлық мұраның мазмұнын талдай отырыш, Еуропадағы түркі эмиграциясының тарихын зерттеу мақсаты қойылғандықтан біз хаттардың мәтінін пайымдауда мотивтік талдау әдісін қолдандық.

Сапалы зерттеу құралы ретінде наративтік талдау әдісін қолдандық, бұл әдістің көмегімен зерттеуші өзінің зерттеу тақырыбына терең үніліп, деректерден және тақырыптық зерттеудерден жинақталған мәліметтерді талдайды. Нарративтік талдау жасау үшін зерттеу нысанының әлеуметтік және мәдени контексін түсіну, алғышарттарын анықтау қажет. Бұл – әсіресе, қеңестік кезеңде зерттелмеген, қолжетімді деректердің жоқтығынан көптеген қырлары түсініксіз болған түркі эмиграциясының тарихы сияқты мағыналық қабаттары мол, контексттік құпиялары жеткілікті тақырып үшін аса оңтайлы әдіс.

Мұстафа Шоқайдың еңбектері және эпистолярлық мұрасы негізінен Франция, Польша, Германия, Ресей архивтерінде сақталған. Шоқайдың жеке архивін жұбайы Мария Шоқай 1953 жылы Сорбонна университетінің шығыс тілдері факультетінің кітапханасына тапсырыған. ЮНЕСКО ұйымының Казакстан бойынша ұлттық комиссиясының төрағасы мен Францияның ұлттық Шығыс тілдері және өркениеттері институтының ректоры арасындағы келіссөздер нәтижесінде Шоқайдың жеке архивінің көшірмесі елге жетті. Бұл архивтік топтаманың басым бөлігі Шоқайдың эпистолярлық мұрасын құрайды.

Германия және Польша мұрагаттарындағы Мұстафа Шоқай туралы деректер 2003-2011 жылдары зерттелді. Шоқайдың Еуропадағы саяси қызметіне қатысты құжаттардың басым бөлігі Польша Республикасының Жаңа актілер мұрагатында және Болеслав Валигори атындағы Әскери мұрагатта сақталған. Жаңа актілер мұрагатында 109 қордың 9 ісінен Прометей» ұйымына, соның ішінде Мұстафа Шоқайға қатысты құжаттар табылды, олардың қатарында хаттар да бар. Шоқайдың «Прометей» Лигасына кіретін барлық ұлттық эмигранттық ұйымдар өкілдерімен жазысқан хаттары Ресей архивтерінде де жинақталған. Шоқайдың шығармашылық мұрасының басым бөлігі – ғылыми мақалалар, баяндамалар және хаттар. Бұл хаттардың түпнұсқасымен танысып, зерттеп және елге алып келген зерттеушілердің құрастыруымен 2021 жылы «В эмиграции: Эпистолярное наследие Мустафы Шокая. 1919-1941» деген атпен жинақ шықты, оған Шоқайдың 261 хаты енгізілді [11].

### **Нәтижелер және оларды талқылау.**

Мұстафа Шоқайдың хаттары – Еуропадағы түркі эмигранттарының қоғамдық-саяси өмірінің құжат-тық күәліктері. Бұл хаттардың тақырыптық диапазоны өте кең, соның ішінде Еуропадағы түркі эмигранттарының бірлігі мен азаттық жолындағы құресінің тарихы айрықша орын алады.

Түркістанда және басқа ұлттық аймақтарда кеңес өкіметі женғен соң ұлттық тәуелсіздік жолындағы құресті шетелге эмиграцияға кеткен қайраткерлер жалғастырды. Азия елдеріне, соның ішінде Түркияға кеткен түркі эмигранттарының бір бөлігі 1920-1924 жылдар аралығында Еуропага өтті. Олардың ішінде Түркістан уақытша үкіметінің төрағасы М.Шоқай, Бұхар республикасының президенті Осман Қожа, Қырымдағы татар үкіметінің Сыртқы істер министрі Сафер Сейдахмет, Татар уақытша үкіметінің төрағасы Аяз Исхаки, болды. Шетелдердегі түркі эмигранттарының саяси қызметі түркішілдік идеясына негізделді, олар Кеңес Одағындағы түркі халықтарының ұлттық азаттығы жолында құресті. Мұстафа Шоқай, Эмин Ресул-Заде, Аяз Исхаки, Рашид Рахмати, Ахмет Зеки Уәлиди, т.б. белгілі қайраткерлер бүкіл түркі халықтарын біріктіру сияқты іске асырылмайтын идея емес, нақты негізі бар, өмірге бейім

идеяларды насихаттады. Түркі эмigrantтары әртүрлі ұлттық ұйымдарға кірді, солардың ішіндегі ең ірісі Түркістан және Әзіrbайжан ұлттық ұйымдары болды. 1929 жылдың мамырында Берлинде Түркістан, Еділ-Орал және Қырым ұлттық ұйымдары арасында ұлт азаттығы жолындағы қуресті үйлестіру туралы келісім жасалды. Келісімде бұл ұйымдардың әркайсысы өзінің ұйымдық дербестігін сақтайды, ал ортақ қуресті үйлестіру үшін әр ұйымнан бір өкіл кіретін бюро құрады деп көрсетілді. Осы орталық бюроның мүшелері Парижде, Варшавада, Берлинде және Ыстамбұлда құрылатын жеке бюrolардың жұмысына жетекшілік жасайды. Осы аталған қалаларда бюроның француз, поляқ, неміс, түрік тілдерінде мерзімдік басылымдары шығарылады [12]. Түркістан эмigrantтарының «Түркістан ұлттық бірлестігі» («Түркістан ұлттық қоғамы») деп аталған ұйымы Түркістан автономиясының бұрынғы президенті Мұстафа Шоқай, Бұқар Халықтық Республикасының бұрынғы президенті Осман Қожа, Башқұрт автономиясының жетек-шісі Зеки Уәлиди (Тоган) және басқа түркістандықтардың 1925 жылғы Ыстамбұлда откізген жиынтында аққұрылды. Жиында халықаралық қауымды Түркістанда болып жатқан оқиғалардан хабардар етіп отыру, сондай-ақ Түркияға, Еуропаға, Иранға, Үндістанға және араб елдеріне эмиграцияға кеткен түркістандықтарды бір ұйымға біріктіру туралы шешім қабылданды [14, б.181]. Түркістанның саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени даму мәселелері туралы хабарлар ұйымның 1927 жылдан бастап шығарылған «Yeni Türkistan», 1929 жылдан бастап жарық көрген «Yach Turkestan» атты журналдарында жарияланып отырды. «Түркістан ұлттық бірлестігін» басқаратын Орталық комитет құрамына Осман Қожа, Зеки Уәлиди (Тоган) және Мұстафа Шоқай кірді. Түркістан ұлттық бірлестігі қызметінің алғашқы кезеңінде-ақ башқұрттар мен бұқаралықтар арасында алауыздықтар бары байқалды. Мұның өзі Зеки Уәлидидің Осман Қожаны ұйымның басшылығынан ығыстырып, билікті өз қолына шоғырландыруына әкелді. Еуропада тұрган Шоқай ұйымның екі жетекшісінің өзара тартысына араласқан жоқ, алайда ұйымның бүкіл билігін қолына алған Уәлиди кейінректе Шоқайды да ығыстыруға тырысты. Уәлиди мен түрік ұлтшылы Хусейн Нихал Аиз бірталай уақыт Мұстафа Шоқайға қарсы құрес жүргізді. Олар Түркістан атауына қарсы болып, оны парсыланған түркі сезінен шыққан деп, Түрік елі, Түрік жұрты деген атаулар ұсынумен қатар Шоқайдың төнірегіне біріккен түркістандықтарды «сарттар» деп атап, Түркістан қазақтарын өзбектерге қарсы айдан салды. Алайда Еуропадағы «Yach Turkestan» журналының маңына топтасқан түркістандықтар «Түркістан» атауын және түркішілдік идеясын негізге ала отырып, бүкіл Түркістанның бірлігі, тұтас Түркістан идеясы жолында қуресті. Жалпы алғанда түркістандық эмигранттық ұйымның жұмысына Зеки Уәлидидің Осман Қожага және Мұстафа Шоқайға қарсы құресі мазасыздық әкеліп отырды. Содан болар, Осман Қожа мен Мұстафа Шоқай Ыстамбұлдағы ұйымның жұмысына көп араласпай, енжарлық таныта бастады. Осыған орай 1929 жылдың 11-ші наурызында Ыстамбұлдағы түркістандықтар Мұстафа Шоқай-ға хат жазып, Зеки Уәлидидің ұйымға басшы болуына наразылық білдірді: «Қымбатты Мұстафа әфенді! Ұйымның жұмысы нашарлап қалғанын бізден де жақсы білесіз. Сонау 1924 жылы біз Закки әфендімен ынтымақтастықтың пайдалы болуына күманданған кезімізде сіз біздің арамызда бітімшілік жасадыңыз. Тек сізді өтінішізді орындалап, біз Закки әфендімен татуластық және оның ұйымға тәраға болуына келістік. Ал сіз болсеңіз, алыста тұратыныңды айтып, ұйымға тәраға болудан бас тарттыңыз», дей келіп, ұйымда келенсіз жағдайлардың орын алып отырғанын, сондықтан түркістандықтар Уәлидиге ашық хат жазып, ренішін білдіруге ниеттеніп отырғанын жеткізді [14]. Шоқай 16-шы наурызда жазған жауап хатында ұйымның жіктеліп, жеке ұлттық топтарға бөлініп кетуіне жол бермеу, Зеки Уәлидиге ренішті хат жазбау, көрісінше сыйайы түрде сөйлесіп, тіл табысуға әрекеттеген туралы ақыл берді [15].

Сонғы жылдарда мұрагаттардың бұрын құпия болып келген көптеген қорларының ашылуы белгілі қазақ зиялышарының өмірін, өзара қарым-қатынасын толық зерттеуге мүмкіншілік берді. Бұл бағытта бірқатар көзге түсер зерттеулер басылып шықты. Алайда кейбір сәттерде жеке тұлғалардың идеялық қайшылықтарын, саяси позициясының айырмашылығын түсіндіру орнына жеке бас араздығын талдап кететін жағдайлар да бар. Ал Мұстафа Шоқайдың хаттарынан оның өз әріптестерімен қарым-қатынасында жеке бас араздығынан жоғары тұргандығын, оның кейбір көрінекті эмигранттармен келіспеушілігі идеялық айырмашылық пен саяси қурестік тактикасы мәселесіне қатысты болғандығын көруге болады. Шоқай эмиграциядағы түркістандық, кавказдық, україндық саяси күштердің бірлігі қажет екендігін, ал өзара әртүрлі түсініспеушіліктер ортақ мақсатқа кесірін тигізбеуге тиістілігін үнемі ескертіп отырған. Мәселен 1930 жылы Заки Уәлидидің (Валидовтың) өз әріптестерімен қақтығысы кезінде ол Уәлидидің саяси көзқарастарын сыйай отыра, оның ғылыми жұмыстарын жоғары бағалады. Польша үкіметі мен эмигранттар арасындағы байланыстарды іске асыратын қызметкер Шоқайдан Уәлиди мен басқа түркі эмигранттары арасындағы қақтығысты түсіндіруді өтінген. Шоқайдың 1930 жылы 27-мамырда жазған жауап хатынан жүгінейік: «Валидовтың саяси мәселелер бойынша кейбір, шындықты айтсақ, көптеген пікірлерінің даулы екендігін біле отыра..., мен Валидовқа ғылыми

сипаттағы мақалалар жазуға мүмкін-шілік беруді жақтайды. Ол гажап әрудит, біздің тарихымызыңды, этнографиямызыңды жақы біледі, оның әрбір мақаласы аса құнды және басылымның мазмұндық әрін күшайте түседі. Ол – өте жақсы экспликтік, бірақ, өкінішке орай, анализге қабілетсіз. Алайда оның біздің халқымыз бер руларымыз туралы жазған-дары аса құнды дүниелер. Валидовтың «татарды жеккөрушілік» және қазақтардың саяси мүмкіндіктерін асыра бағалаушылық сезімі ауруға айналған (сондай-ақ кейбір татарлар «валидовты жеккөрушілік» ауруына шалдықкан), ол өзбектерге, яғни, біздің еліміздің отырықшы бөлігіне қатысты скептицизм, ал кейде ашық түрде салқын қараушылық... көрсетеді. Оның бұл жеке «қасиеттері» саяси қызметінде де тым айрықша көрініс тапқан. Түркістандықтар мен татарлар арасындағы үнемі қайталанып отыратын түсініспеушіліктер осыған байланысты, сондай-ақ түркістандықтардың өздерінде қазақтар мен өзбектерге бөлінушіліктің болу мүмкіндігін де жоққа шығара алмаймыз. Бұл біздің болашақ саяси жұмыстарымыз үшін, біздің еліміздің болашағы үшін аса қауіпті жағдай. Валидов біздің еліміздің ескі тарихының жақсы білімпазы болғандықтан, әрине, ескі салттарды сақтап қалған тайпа ретінде қазақтарды көшпелі ата-бабалардың «ежелгі қазынасын» жоғалтып алған өзбектерден жоғары қояды. Жеке қасиеті бойынша жалпы прогресшіл Валидовтың (ол социалист-революционер... болған) бойында саясатқа келген кезде тарихшы-архивариус жоғары шығып кетеді. Ол өзінің мұрагаттық білімдерінің қуатты қүшінің салдары-нан саяси сауаттылықтың әлпбій ұмытып кетеді... . Сондықтан, менің ойымша, біздің ІСТАМБҮЛДАҒЫ жолдастар оның ғылыми мақалаларын шын ниетпен қабылдайтын болар, олардың маңыздылығы және бізге қажеттілігі саяси мақалалардан эсте кем емес. Валидовты – ғылыми мақалалардың авторын – кезкелген адам құрметтейтін және жариялайтын болады, алайда Валидов – саяси мақалалардың авторы – өте көп карсылыққа кездеседі» [16]. Осылайша ол түркі эмигранттары арасындағы кейбір кикілжінді өршітпеуге, оларды бір ғана мақсат – Түркістанның азаттығы жолындағы құреспеке бағыттауға тырысты. Танымал тұлғалардың әпистолярлық мұрасы олардың өмір жолының қырсырын ашумен қатар, сол кездегі тарихи контексті талдауға да мүмкіндік береді.

Хаттардан Мұстафа Шоқайдың және басқа түркі эмигранттарының түркі жастарының Еуропа елдерінде білім алуына жәрдемдесуге тырысып, әрекет жасаганын көргө болады. 20-жылдарда Бұқара 1927 жылы Шоқай төрт-бес түркістандық жастарға Лондонда білім алу мүмкіндігін ұйымдастыруға әрекеттенді. Алайда атаптап түркістандық жастардың ІСТАМБҮЛДА ШЫГАТЫН «Yeni Türkistan» журналы маңына топтасқан эмигранттар тобына жататынын білген соң, ағылшындар бұл өтінішті қолдаудан бастартты. Бұл журналдың редакциялық алқасы құрамында түрк офицері Казим-бей бар еді, ол бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде Гераттағы неміс-туркі насиҳат бөлімін басқарған болатын. Сондай-ақ атаптап жurnal ағылшындардың Орталық Азиядағы саясатын сынаған және Бұқар әмірін жақтаған мақалалар жариялаған екен. Осы жағдайлар ағылшын ғылыми қоғамының Лондонда түркістандық жастардың білім алуын қаржыландырудан бас тартуына әкелген. Осы мәселе туралы Мұстафа Шоқайдың алған хатында Шоқайдың жеке басына аса құрмет көрсете отырып, оның өтінішін орындаі алмайтынын жазған [17].

1922 жылы Әлімжан ІДЫРЫС Бұқар Халық Республикасының өкілі ретінде 64 студент және оқушы жастарды Германияда оқыту мақсатымен алғып келген. Кейіннен Бұқар республикасының дербестігі жойылып, ол кеңестік Өзбекстанға қосылған соң, Берлинде Бұқар Халық Республикасының Мәдени қатынастар жөніндегі өкілдігі таратылған. Студент жастардың бірқатары Германияда қалып қойған [18]. Германияға оқуға Түркістан автономиялық республикасынан да жастар барған, 1923 жылы Германияға студент жастардың жағдайын білуге барған Тұрар Рыскұловтың мәліметтері бойынша, Түркістан республикасынан он бір студент (жеті өзбек, төрт қазак), Бұқардан отыз бес өзбек, сегіз татар, бес түркімен бар екен, оларды неміс тілін жылдам үйренсін деп жергілікті отбасылардың үйіне орналасырған, жалпы жағдайлары жаман емес дейді [19, б.16]. Түркістандық эмигранттар осы елге қайтпай, Германияда қалып қойған жас тарға да қамқорлық көрсетуге тырысқан. Шоқайдың 1930 жылғы хаттарынан Германияға оқуға келгендердің қатарында болып, Кеңес Одағына қайтпай қалған жеті түркістандықтың бесеуі оқуын бітіруге мүмкіндік ала алмай калғанын, екеуі оқуын бітіріп жұмсы іздел жүргенін білеміз. Шоқай сол бесеуге оқуын бітіріп, мамандық алуға көмектесу турал мәселе көтереді. Жұмис ізdegендердің біреуіне Түркияға баруға кеңес береді, өйткені ондағы түркі эмигранттарының көмектесу мүмкіндіктері көбірек болатын [20].

Шоқайдың әпистолярлық мұрасынан оның шетелдіктер арасында тек саясаткер ғана емес, ғалым ретінде де аса танымал болғанын көреміз. 1929 және 1933 жылдары Лондонда Корольдық шығыс тілдері институтының басшысы Дениссон Росс, Корольдық халықаралық қатынастар институты-ның директоры Перси Сайкс сияқты танымал мамандармен кездесіп, пікір алысты. Лондондағы Король-дық Орталық Азия институтының өтінішімен Шоқай «Түркістандағы кеңестік саясаттың 15 жылдығы» тақырыбында, Халықаралық қатынастар институтының өтінішімен «КСРО

және қытайлық Түркістан» атты баяндамалар жасады [21]. 1933 жылдың наурыз айында Халықаралық қатынастар институтының ғылыми кеңесінің төрагасы Н.Малькольм Шоқайға институтқа келіп, баяндама жасағаны үшін алғыс білдірген арнаулы хат жолдады [22].

Еуропаның басқа елдерінде тұратын эмигранттар, саяхатшылар, ғалымдар Шоқайдан Түркістанның тарихына қатысты мәселелер бойынша кеңес алуға ұмтылды. Мәселен, 1934 жылдың қантарында Бельгіда тұратын эмигрант ғалым В.Гаврилов Шоқайға хат жазып, Түркістанның антропологиялық, географиялық, саяси және діни тарихын күйінзерттеу үшін ғылыми әдебиеттер тізімін беруді өтінеді [23]. 1899 жылы Франциядан Ресейге келіп, Кавказда және Түркістанда француз тілінен сабак берген, ғылыми зерттеулер жүргізген, большевиктер өкімет басына келген соң еліне қайтқан француз ғалымы Жозеф-Антуан Кастанье Шоқаймен хабарласып, ғылыми материалдар алғып тұрған. 1935 жылдың желтоқсанын-да жазған хатында Кастанье Шоқайдың «Түркістан Кеңес өкіметінің қоластында» деген кітабын сыйға алғанына риза болып, алғыс хат жазып, онда аталған еңбектің ғылыми негізділігін атап айтады [24].

Мұстафа Шоқайдың неміс лагерьлеріндегі соғыс тұтқындарының қөніл-күйін анықтау үшін құрылған комиссиялар қатарында жүрген кездегі Мария Шоқайға және Уәли Каюмге жазған хаттары түркістан-дық тұтқындардың ауыр жағдайын сипаттайты. 1941 жылдың қазан айында Шоқайдың Каюмге жазған хатына көз жіберейік: «Қазір бәрімізге мәлім болған жағдай сол, біздің қандастарымыздың – соғыс тұтқындарының жағдайы айрықша ауыр. Олардың барлығы тамақтың тапшылығы мен киімнің жоқтығын айтады, олардың басым көпшілігі жартылай жалаңаш жүр, бастарында баспана да жоқ (қазір қазан айы) – барлық жерде адамдар ашық аспан астында орналастырылған, түнге қарай өздері өліп-талып қазып алған шұңқырда жатады, сондай-ақ ең ауыр жағдай сол – оларды лагерь әкімшілігі қорлықта ұстайды» [25]. 1941 жылдың қарашасында Мұстафа Шоқайдың Марияға жазған соғыс хатындағы мына бір жолдар оның лагерьлердегі қандастарының ауыр жағдайына жаңы ашыған қынжылысын, сондай-ақ фашистердің айуандығына деген жеккөрушілігін де бейнелегендей: «Осы бақытсыз жандарға көмек бере алмайтын ма жаным ауырады. Олар менен көмек сұрайды және көмектеседі деп үміттегенді. Мен сөз бердім, бірақ оны орындаі алмайтынды білемін, әйтеуір, жұбату үшін айтамын. Оларға көмектесуге дәрменім жоқ екенін біле тұра, алдауга мәжбүрмін. Бұған ендігі жерде шыдай алмаймын. Одан да өлгенім жақсы. Кеше 35 адамды өлімнен алғып қалдым, бірақ бұл қаншалықты ұзакқа созылар дейсін? Қазір қараша айы, ал олардың кейбіреулері жаздық киім киген, әлдебірі жартылай жалаңаш, сұықтан қорғану үшін қолмен шұңқыр қазуға мәжбүр. Оларға итке бергендей нан лактырады, ал су беру ойларына да келмейді. Мен оларға қандай да бір төсениш беруді сұрадым. Берді ме жоқ па, белгісіз. Бұл «өркениеттілер» аңнан бетер айуан екен. Менің жанымда Каюмхан бар. Есінде ме, ол Ножанға келіп кеткен болатын? Ол арқылы немістерден түркістандық тұтқындардың жағдайын қалайда бір жақсартуды өтіндім. Ол оны біреулерге жеткізді. Бірақ нәтиже шығар-шықпасы белгісіз. Ондаған шақырым жүріп, лагерьлерді аралаудамын. Әл-қуатым азайып барады. Менің жан дүниемінің қаншалықты қажығанын сен онсыз да білесің гой. Өлгім келеді. «Ажал» деген сөзben хатымды аяқтаймын» [26, 6.217-218]. Бұл хат демократиялық құндылықтарды мақсат тұтқан, бүкіл өмірінің мәнін туған халқының бостандығы жолындағы күрес деп білген кең жүректі адамның ішкі күйзелісі, жан айқайы еді. Осы хатты жазған соң көп ұзамай, 1941 жылдың 27 желтоқсанында Мұстафа Шоқай Берлинде ауруханада қайтыс болды.

**Корытынды.** Жеке хаттарды рухани мұраның нысаны ретінде ғана емес, нақты заман мен сол дәүірді өзінше түсінетін нақты тұлғаның өзара әрекетінен туған тарихи мәтін ретінде қарau қажет. Демек, әпистолрялық мәтін – бұл белгілі бір мәдениеттің әпистолярлық коды негізінде құрастырылған және автордың жеке тілдік қорымен байытылған хабарлама, бұл адам өзі таратып отырған хабарды тандауда кең түрдегі еркіндікке ие болатын коммуникативтік кеңістік. Бір автордың әпистолярлық мұрасының жынытығы семиосфераның барлық қасиеттеріне ие мәтіндік ақиқатты құрайды. Әпистолярлық мәтін екі тұлғаның арасындағы қарым-қатынас шегінде құрастырылады, сондыктан бұл мәтіндегі тұлғаның ішкі кеңістігі осы екі адресатқа тән жалпы коммуникативтік кодқа айналады. Бұл жерде әрбір адресат – тұлға жеке университеттік көрінеді, ал екі тұлғаның арасындағышекара үнемі даму үстінде болады. Осы жағдайлар Мұстафа Шоқайдың әпистолярлық мұрасының түркі эмигранттарының Еуропадағы өмірі мен қызметінің мән-мағынасын теренеңдек түсінуге мүмкіндік береді.

Соғыс 10-15 жылда Мұстафа Шоқайдың эмиграциядағы өмірі мен қызметін бейнелейтін құжаттық материалдар жинақтары көптеп шығарылды. Алайда осындағы құжаттық материалдарды тарихи, саяси, әлеуметтік және мәдени түрғыдан жан-жақты талдау іске асырылмайынша Шоқайдың ғылыми және әпистолярлық мұрасын зерделеу толық аяқталды деп айта алмаймыз. Белгілі бір қауымдастыққа жататын танымал тұлғалар арасындағы хат алмасу сол қауымдастықтың ғана емес, жалпы сол тарихи кезеңдегі қоғамның өмірінен де хабар береді. Шоқайдың әпистолярлық мұрасы шетелдердегі түркі эмигрант-

тарының қызметін зерттеуде айрықша маңызды екені даусыз. Шоқайдың әпистолярлық мұрасы – түркі халықтары тарихын бейнелейтін деректердің әлі толық зерттелмеген мол қазынасы. Мұстафа Шоқайдың ғылыми еңбектері, саяси жарияланымдары мен хаттары – ұлт тарихы қайнар көздерінің маңызды бөлігі, сондай-ақ олардың негізінде түркі халықтары тарихындағы «ақ таңдақтар» зерттелетін болады, олар зерттеушілерге Еуропадағы түркі эмиграциясының тарихын объективті түрде зерттеуге жәрдемдеседі.

#### *Список использованной литературы:*

1. Thomas W., Znaniecki F. *The Polish Peasant in Europe and America*. – Urbana, IL: University of Illinois Press, 1996. – 127 p.
2. Cancian S. *Families, lovers, and their letters: Italian postwar migration to Canada*. – Winnipeg: University of Manitoba Press, 2010. – 192 p.
3. Letters across Borders: The Epistolary Practices of International Migrants. Ed. by B. Elliot, D. Gerber, S. Sinke. – New York, NY: Palgrave Mcmillan & Carleton Centre for the History of Migration, 2015. – 325 p.
4. Gerber D. Authors of their lives: The personal correspondence of British immigrants to North America in the nineteenth century. – New York, NY: New York University Press, 2008. – 422 p.
5. Benzing J. Berliner politische Veröffentlichungen der Türken aus der Sowjetunion // Die Welt des Islams. – 1936. – Bd.18. – S.122-131.
6. Mühlen P.v.z. Zwischen Hakenkreuz und Sowjetstern. Der Nationalismus der Sowjetischen Orientvolker im Zweiten Weltkrieg. – Düsseldorf: Droste Verlag GmbH, 1971. – 256 S.
7. Hostler Ch. W. Türken und Sowjets. Die historische Lage und die politische Bedeutung der Türken und der Türkvolker in der heutigen Welt. – Berlin; Frankfurt am Main: A. Metzner, 1960. – 263 S.
8. Andican A. Turkestan struggle abroad: From Jadidism to Independence. – Haarlem, Sota Publications, 2007. – 776 p.
9. Шоқай М.. Эпистолярлық мұрасы. /Ред. К. Л. Есмагамбетов ; құраст. F. Т. Исахан. – Алматы : Саға , 2006. – 1-том . – 423 б.
10. Шоқай Мұстафа. Эпистолярлық мұрасы. /Ред. К. Л. Есмагамбетов ; құраст. F. Т. Исахан.- Алматы : Саға , 2006. – 2-том . – 371 б.
11. В эмиграции: Эпистолярное наследие Мустафы Шоқая. 1919-1941 / Ред. Г.К. Кокебаева; составители: Г.Т. Исахан, Г.К. Кокебаева, С.К. Шидебай. – Алматы: Полиграфия сервис и К°, 2021. – 488 с.
12. Archiwum Akt Nowych w Warszawie, W. 10. 6689, S.73-75.
13. Karasar H.A. The Early Turkestani Émigré Struggle and Turkestanism: Nation – Imagining in Emigration: 1925-1940 // Bilig, 2015. – Nr.76. – P.179-204.
14. Российский государственный военный архив, Ф.461. On.2. Д.133. Л.12-14.
15. Российский государственный военный архив, Ф.461. On.2. Д.133. Л.16-23.
16. Archiwum Akt Nowych w Warszawie, W. 10. 6690, S. 58-61.
17. Bibliothèque des Langues et Civilisations Orientales. L'Archives de Moustafa Chokay Bey. Carton III. Dossier 3a, P.61-92.
18. Politisches Archiv des Auswärtigen Amtes, R 101194, Nr. K205903, K205906.
19. Тұрдиеев Ш. Улар Германияда ўқиған әділар. – Тошкент: Академ – Хизмат, 2006. – 256 б.
20. Российский государственный военный архив, Ф.461к. On.2. Д.133. Л. 57-65.
21. Bibliothèque des Langues et Civilisations Orientales. L'Archives de Moustafa Chokay Bey. Carton VIII. Dossier 2i, P.9, 10, 13.
22. Bibliothèque des Langues et Civilisations Orientales. L'Archives de Moustafa Chokay Bey. Carton VI. Dossir 1, P.34-35.
23. Bibliothèque des Langues et Civilisations Orientales. L'Archives de Moustafa Chokay Bey. Carton V. Dossier 2, P.5.
24. Bibliothèque des Langues et Civilisations Orientales. L'Archives de Moustafa Chokay Bey. Carton II. Dossier 4, P.1-11.
25. Шоқай М., Шоқай Мария. Естеліктер. – Istanbul: Türk Dünyasi Aralastirmalari Vakfi, 1997. – 272 б.

#### *References:*

1. Thomas W., Znaniecki F. *The Polish Peasant in Europe and America*. – Urbana, IL: University of Illinois Press, 1996. – 127 p.
2. Cancian S. *Families, lovers, and their letters: Italian postwar migration to Canada*. – Winnipeg: University of Manitoba Press, 2010. – 192 p.

3. *Letters across Borders: The Epistolary Practices of International Migrants.* Ed. by B. Elliot, D. Gerber, S. Sinke. – New York, NY: Palgrave Mcmillan & Carleton Centre for the History of Migration, 2015. – 325 p.
4. Gerber D. *Authors of their lives: The personal correspondence of British immigrants to North America in the nineteenth century.* – New York, NY: New York University Press, 2008. – 422 p.
5. Benzing J. *Berliner politische Veröffentlichungen der Türken aus der Sowjetunion // Die Welt des Islams.* – 1936. – Bd. 18. – S. 122-131.
6. Mühlen P.v.z. *Zwischen Hakenkreuz und Sowjetstern. Der Nationalismus der Sowjetischen Orientvölker im Zweiten Weltkrieg.* – Düsseldorf: Droste Verlag GmbH, 1971. – 256 S.
7. Hostler Ch. W. *Türken und Sowjets. Die historische Lage und die politische Bedeutung der Türken und der Türkvolker in der heutigen Welt.* – Berlin; Frankfurt am Main: A. Metzner, 1960. – 263 S.
8. Andican A. *Turkestan struggle abroad: From Jadidism to Independence.* – Haarlem, Sota Publications, 2007. – 776 p.
9. Shokay Mustafa. *Epistolarlyk murasy.* / Red. K.L.Esmagambetov; kurast. G.T.Isakhan. – Almaty: SaGa, 2006. – 1-tom. – 423 b.
10. Shokay Mustafa. *Epistolarlyk murasy.* / Red. K.L.Esmagambetov; kurast. G.T.Isakhan. – Almaty: SaGa, 2006. – 2-tom. – 371 b.
11. V emigratsii. *Epistoliarnoe nasledie Mustady Shokaia. 1919-1941* / Red. G.K.Kokebayeva; sostaviteli: G.T.Isakhan, G.K.Kokebayeva, S.K.Shildebay. – Almaty: Poligrafia servis i K°, 2021. – 488 s.
12. Archiwum Akt Nowych w Warszawie, W. 10. 6689, S.73-75.
13. Karasar H.A. *The Early Turkestani Émigré Struggle and Turkestanism: Nation – Imagining in Emigration: 1925-1940 // Biliq,* 2015. – Nr. 76. – P.179-204.
14. Rossiiskii gosudarstvennyi voennyi arhiv, F.461. Op.2. D.133. L.12-14.
15. Rossiiskii gosudarstvennyi voennyi arhiv, F.461. Op.2. D.133. L.16-23.
16. Archiwum Akt Nowych w Warszawie, W. 10. 6690, S. 58-61.
17. Bibliothèque des Langues et Civilisations Orientales. *L'Archives de Moustafa Chokay Bey. Carton III. Dossier 3a, P.61-92.*
18. Politisches Archiv des Auswärtigen Amtes, R 101194, Nr. K205903, K205906.
19. Turdyev Sh. *Ular Germaniada ukigan edilar.* – Toshkent: Akadem – Hizmat, 2006. – 256 b.
20. Rossiiskii gosudarstvennyi voennyi arhiv, F.461k. Op.2. D.133. L. 57-65.
21. Bibliothèque des Langues et Civilisations Orientales. *L'Archives de Moustafa Chokay Bey. Carton VIII. Dossier 2i, P.9, 10, 13.*
22. Bibliothèque des Langues et Civilisations Orientales. *L'Archives de Moustafa Chokay Bey. Carton VI. Dossier 1, P.34-35.*
23. Bibliothèque des Langues et Civilisations Orientales. *L'Archives de Moustafa Chokay Bey. Carton V. Dossier 2, P.5.*
24. Bibliothèque des Langues et Civilisations Orientales. *L'Archives de Moustafa Chokay Bey. Carton II. Dossier 4, P.1-11.*
25. Shokay M., Shokay M.. *Estelikter. Eсмеліктер.* – Istanbul: Türk Dünyası Aralastirmalari Vakfi, 1997. – 272 b.